



*ШҚО білім басқармасы*  
*Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім*  
*ауылының балабақшасы»*  
*коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны*

**8. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ  
ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ  
САУАЛНАМАСЫ:**

■ Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан алынған сауалнама қорытындысы:

«Күршім ауылының балабақшасы»-нда 2025-2026 оқу жылында екі ересек тобы жасақталды. Олар: «Балапан», «Айгөлек» топтары.

Жалпы қосындысы бойынша ересек тобында 50 бала тәрбиеленуде. Сондықтан осы балалардың ата-аналары 100% сауалнама қатысты.

Сауалнама жүргізілмес бұрын ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ватсап каналы арқылы сауалнаманы берілген ссыла арқылы толтыратындары туралы хабардар етілді. Топтағы ата-аналар комитеті төрайымы тарапынан бақылау жасалды. Қалыс қалғандар, түсінбеушілік танытқан ата-аналар болмады.

Сауалнама жалпы 12 сұрақтан тұрды. Сұрақтар балабақшадағы атқарылған жұмыстар, балалардың меңгерген дағдылары бойынша құрылған. Сауалнама жүргізу кезінде МДҰ тарапынан ата-аналарға ешқандай ықпал жасалған жоқ. Әр ата-ана өздерінің ұялы телефондары арқылы, өз еріктерімен толтырды. Ата-аналар сауалнамаға 100 % қатысып, балабақша-бөбекжайдың жұмысына өз бағаларын берді.

| № | Сұрақ  | Келісемін | Келіспеймін | Толық келісемін | Толық келіспеймін |
|---|--|-----------|-------------|-----------------|-------------------|
| 1 | Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады.   | 68%       | -           | 32%             | -                 |
| 2 | Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар.   | 56%       |             | 44%             | -                 |
| 3 | Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз.  | 70%       | -           | 30%             | -                 |
| 4 | Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз. | 44%       | -           | 56%             | -                 |
| 5 | Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды.  | 42%       | -           | 58%             | -                 |
| 6 | Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?  | 40%       | -           | 60%             | -                 |
| 7 | Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді.  | 44%       | -           | 54%             | -                 |

|    |   |     |     |     |     |
|----|---|-----|-----|-----|-----|
| 8  | Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген.   | 46% | -   | 54% | -   |
| 9  | Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз.  | 44% | -   | 56% | -   |
| 10 | Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.   | 50% | -   | 50% | -   |
| 11 | Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз.  | 58% | -   | 42% | -   |
| 12 | Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?  | -   | 76% | -   | 24% |
| 13 | Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз. |     |     |     |     |

Қорытындылай келе, балабақшаның жұмысына 100% қанағаттанатындықтарын көрсетті.

▪ «Күршім ауылының балабақшасы»-ның педагогтері білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнамаға 96 % қатысты. Музыка жетекшісі 1 наурыз 2026 жылдан бастап өз өтініші негізінде зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыстан босатылды. Барлығы 22 педагог сауалнамаға қатысты.

▪

| № | Сұрақ   | Келісемін | Келіспеймін | Толық келісемін | Толық келіспеймін |
|---|---|-----------|-------------|-----------------|-------------------|
| 1 | Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді          | 55%       | -           | 45%             | -                 |
| 2 | Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған | 59%       | -           | 41%             | -                 |
| 3 | Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады   | 59%       | -           | 41%             | -                 |
| 4 | Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады.  | 68%       | -           | 32%             | -                 |

|    |   |     |     |     |     |
|----|---|-----|-----|-----|-----|
| 5  | Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған  | 59% | -   | 41% | -   |
| 6  | Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған   | 59% | -   | 41% | -   |
| 7  | Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді  | 59% | -   | 41% | -   |
| 8  | Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді   | 55% | -   | 45% | -   |
| 9  | Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде  | 64% | -   | 36% | -   |
| 10 | Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді  | 73% | -   | 27% | -   |
| 11 | Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар  | 77% | -   | 23% | -   |
| 12 | Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген   | 55% | -   | 45% | -   |
| 13 | Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын   | 59% | -   | 41% | -   |
| 14 | Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды  | 64% | -   | 36% | -   |
| 15 | Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған   | 68% | -   | 32% | -   |
| 16 | Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады  | 73% | -   | 27% | -   |
| 17 | Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады  | 64% | -   | 36% | -   |
| 18 | Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды  | -   | 77% | -   | 23% |
| 19 | Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз. |     |     |     |     |

Сауалнаманың қорытындысы 100% көрсетті.